



НЕФТЕ переработчик

Газета ТОО
«Павлодарский
нефтехимический завод»

21 ОКТЯБРЯ
2013 ГОДА
№17 (877)

Год основания 1987

• производство • новости • события • факты • люди • достижения • комментарии •

• СЕГОДНЯ В НОМЕРЕ:

2-3 МҰНАЙЛЫ ЕЛ -
ШЫРАЙЛЫ ЕЛ

4 КОНКУРС
РАЦИОНАЛИЗАТОРОВ

• НОВОСТИ

В 2014 году планируется запустить скоростные поезда по маршрутам Астана - Кызылорда, Алматы - Актобе, Алматы - Защита, Астана - Защита и Алматы - Ташкент.

Новые маршруты позволят удовлетворить повышенный спрос на пассажирские перевозки в указанных регионах, а время в пути на каждом маршруте будет сокращено в среднем в 1,5-2 раза. К примеру, пассажиры скоростного поезда Астана - Кызылорда будут проводить в пути сутки, тогда как на обычных рейсах пассажирских поездов им приходилось добираться до пункта назначения около 2-х суток, а поезд Астана - Защита будет делать остановку на станции Павлодар, сообщает пресс-служба МТК РК.

К слову, в текущем году уже запущены скоростные поезда по направлениям Алматы - Атырау, Астана - Атырау и Астана - Семей. Время в пути на указанных маршрутах сократилось почти в два раза. Все поезда сформированы из 27 вагонов «Тальго». Среди них 22 пассажирских вагона, в том числе 2 вагона «Гранд» класса (двухместные люкс), 2 вагона «Бизнес» класса (двухместные) и 18 вагонов «Турист» класса (четырёхместные эконом-класса). Также в поезде предусмотрены 3 технических вагона, 1 вагон-ресторан и 1 вагон-бар. В одном из вагонов класса «Гранд» есть купе для пассажиров с ограниченными физическими возможностями.

Также в январе 2013 года маршрут пассажирского поезда направлением Павлодар - Астана продлен до Караганды, а маршрут поезда направлением Астана - Уральск продлен до города Актобе.

Кроме того, с 5 июля 2013 г. начал курсировать скорый поезд по маршруту Астана - Курорт-Боровое. В новом составе 6 вагонов, каждый вместимостью 56 посадочных мест. Время в пути составляет 3 часа 55 минут.

С 8 июля 2013 г. запущен новый состав направлением Астана - Павлодар, отправляющийся с ж/д вокзала г. Астана 4 дня в неделю: в четверг, пятницу, субботу и воскресенье. Время в пути составляет 6 часов 28 минут.

Как отмечает пресс-служба, всего за 9 месяцев 2013 года количество перевезенных пассажиров составило 19,9 млн. человек, что на 9,3% больше по сравнению с аналогичным периодом прошлого года. Для обновления парка пассажирских вагонов в текущем году приобретено 174 пассажирских вагона, в т.ч. 125 вагонов Тулпар - Тальго. До конца года планируется приобретение еще 51 вагона.

ИА ZAKON.KZ

При содействии Павлодарского областного филиала народно-демократической партии «Нур Отан» наш завод посетил специальный корреспондент республиканской газеты «Дала мен қала» Зейнолла Абжанов. Журналист впервые побывал на предприятии подобного рода и его поразили масштабы территории нашего предприятия,

уровень материально-технической базы завода, сложность технологических процессов нашего производства и отлаженность работы социальных объектов ПНХЗ. Свои наблюдения о павлодарском нефtezавде Зейнолла Абжанов изложил в репортаже, который мы и публикуем в этом номере.

МҰНАЙЛЫ ЕЛ — ШЫРАЙЛЫ ЕЛ

Арғысын айтпасақ та, соңғы жарты ғасыр бойы әлемдік экономиканың табан тірер негізіне, көтерілер тұғырына айналған мұнай мәселесі бүкіл дүниежүзі мемлекеттерін қатты толғандырып келе жатқаны белгілі. Маңызы алтынмен пара-пар болған мұнайы мол елдердің еңсесі биіктеп, байлығы тасып, дәулеті мен сәулетін дүние жүзі танитын болды. Жұмыр жер бетіндегі сол санаулы елдердің бірі болуды біздің де маңдайымызға жазған екен.

Әлемнің алып бөлігін алып жатқан Кеңес үкіметі кезінде мұнай мәселесіне салқындау қарағанымыз рас. Оның да өзіндік себептері бар еді. Басты себептерінің бірі — ол заманда дәл қазіргідей техника мен технология дамымаған-ды. Қарапайым ғана пайдаланып жүрген көлік саны да тым аз болатын. Бүгінгі күні мұнай өнімдерінің пайдаланылмайтын саласы жоқтың қасы. Жер бетінде жүйткіп, мұхитта жүзсеңіз де, тіпті аспанда ұшсаңыз да мұнай өнімдерінсіз өмір жоқ. Ал одан да басқа құрылыс материалдары мен тұрмысымызда пайдаланылатын жүздеген тауарлар түрлері осы мұнайдан жасалып жатқаны және бар. Бұл не деген құдіретті, мүмкіндігі мол минералды шикізат демеске амалымыз қалмайды.

НАФАТА — НӘСІП КӨЗІ

Мұнайды адам баласы қай кездерден пайдалана бастағанын дәл басып ешкім айтып бере алмасы анық. Тек қана түрлі болжамдар ғана бар. Мұнай деген сөздің төркіні байырғы Мидия тілінен, «нафата» деген сөзден алынған деген пікірдің жаны бар сияқты. Ол жер астынан жарып, ағып шығады дегенді білдіреді. Өйткені кезінде мықты дамыған парсы, гректер сияқты көптеген халықтардың тіліндегі мұнай атауының түбірі, тіпті орыстардың «нефть» деп атауы да соған меңзейді. Олай болса, мұнай тарихы біз ойлағандай беріде емес, тым әріде жатыр. Мидия мемлекетінің мәдениеті тарихшылардың болжамы бойынша біздің эрамызға дейінгі VII-VI ғасырларда өрлегені рас болса, біз мұнайды енді танып-біліп жатқан болып шығады екенбіз...

Тарих өз алдына, оған ешкімнің таласы жоқ, ең бастысы бүгінгі күні біздің еліміз мұнайлы державалардың біріне айналғаны анық. Қазір Қазақстанның батыс

облыстарының бәріне дерлігінде мұнай өндірісі күннен-күнге қанат жайып келеді. Бұл сала әсіресе, тәуелсіздік алғаннан кейін қарқын алды. Мұнайды өндіру бар да, оны өңдеп, тұрмысымызға аса қажет тауарларды жасау бар. Бұл өте күрделі процесс, бірнеше ғылымның басын біріктіретін, жаңа технологияларды, үнемі жан-жақты дамуды, ілгерілеуді қажет ететін сала. Осындай күрделі істі қолға алған бізде үш бірдей мұнай өңдеу зауыты бар екені белгілі. Соның бірі — Павлодар мұнайхимия зауыты.

Павлодар мұнайхимия зауыты технологиялық жағынан алғанда еліміздегі өз саласында ең заманауи кәсіпорын болып табылады. Жағар-жанармай өнімдерін шығаруда мұнайды терең өңдеуден 85 пайызға қол жеткізген зауыт өз тарихында талай қиындықтар мен бұралаң жолдарды басынан өткізді. 1978 жылы алғашқы өнімі шығарылған күннен бастап бүгінге дейін атауын жеті рет өзгерткен екен. Кәсіпорынның атын емес, затын сақтап қалған ұйымшыл ұжым талай тұйықтан шыға білді, өз жұмысын тоқтатпады. Зауыттың өндірісі, технологиялық бағыты Батыс Сібір мұнайына есептелгендіктен кейбір кезеңдерде шикізатқа байланысты бірқатар қиындықтар туындағаны да жасырын емес. Кәсіпорын 2009 жылы «Қазмұнайгаз» АҚ компаниялар тобына кіріп, ендігі жерде қазақстандық мұнайды да өңдеу жұмыстары қолға алына бастады. Бұл енді зауытты шикізатпен қамтамасыз етуде тұрақтылық пен сенімділік орнады деген сөз. Бүгінгі күні зауытта төрт мыңға жуық адам тұрақты еңбек етеді. Павлодар қаласының бюджетінің 40 пайызын құрайтын алып зауыттың жұмысы даңғыл жолға қойылып, мұнай мындаған адамдардың нәсіп көзіне айналды.

ӨНДІРІС — ӨМІР ӨЗЕГІ

Маркетингті игеру керек деп ұрандаған кезеңдерді де бастан өткердік. Шетелдік сөздердің бәрі біз үшін сән болып кетті ме, бәріміз соған жаппай бет бұрып, тұра ұмтылдық. Сөйтсек, ол кәдімгі өзіміз көріп жүрген сауда екенін де еске алмаппыз. Айналып келгенде, өндіріске еш нәрсе жетпейтінін тағы да кеш түсініп, қайтадан бетбұрыс жасағандаймыз. Елбасымыздың өндіріске, қоғамдық еңбекке ерекше басымдылық беру керектігі жөніндегі кеңесінен кейін ғана көптеген кәсіпорындарға

Жалғасы 2-3 бетте



cmk





• НАЗНАЧЕНИЯ

В соответствии с приказом генерального директора ТОО «ПНХЗ» Данбай Ш.А. произведены следующие кадровые назначения:

- со 2 октября 2013 года назначить Жапарова Жаксылыка Кабдынасыровича на должность начальника отдела организации строительства управления по капитальному строительству и модернизации;

- с 7 октября 2013 года назначить на должность заместителя начальника цеха по технологии цеха №8 (водоснабжения и канализации) Гасанова Иманхана Курбахан-оглы – заместителя начальника цеха по производству;

- с 7 октября 2013 года назначить на должность заместителя начальника цеха по производству цеха №8 (водоснабжения и канализации) Оскембаева Биржана Абаевича – заместителя начальника цеха по технологии.

Управление персоналом

• ДНЕВНИК МОДЕРНИЗАЦИИ

С сегодняшнего номера «Нефтепереработчика» мы открываем в газете рубрику «Дневник модернизации». В ней мы постараемся отразить те шаги, которые предприняло и предпринимает государство, головная компания для поэтапного развития всей экономики Казахстана и нашего предприятия в частности, а также работу коллектива ПНХЗ по реконструкции и модернизации завода в рамках индустриализации всей страны.

Пусковым механизмом к разработке вопросов по модернизации нефтеперерабатывающей отрасли Казахстана можно считать Постановление Правительства РК от 14 мая 2009 года №712, которое утвердило «Комплексный план развития нефтеперерабатывающих заводов Республики Казахстан на 2009 - 2015 годы».

Дополнительным стимулом к модернизационным процессам в нашей отрасли послужило выступление Президента РК, Председателя НДП «Нур Отан» Нурсултана Назарбаева на внеочередном XII съезде партии 15 мая 2009 года в Астане. В своем докладе «Индустриально-технологическое развитие Казахстана ради нашего будущего» на съезде партии глава государства очертил круг задач посткризисного развития экономики страны. Среди них важное место лидер нации отвел перспективам развития нефтепереработки и инфраструктуры нефтегазового сектора Казахстана. Н.Назарбаев отметил: «Необходимо форсировать полную модернизацию Атырауского, Шымкентского и Павлодарского нефтеперерабатывающих заводов, а их суммарную мощность довести до 17 миллионов тонн в год. К 2014 году отечественные нефтеперерабатывающие заводы должны полностью удовлетворять внутреннюю потребность в нефтепродуктах высокого качества - бензине и авиакеросине. В целом ставлю задачу повышения валовой добавленной стоимости топливно-энергетического комплекса не менее чем на 30 процентов». //Официальный интернет-ресурс Министерства экономики и бюджетного планирования РК, <http://minplan.gov.kz/pressservice/482/19414/>

Перед тремя нефтеперерабатывающими заводами Казахстана в 2009 году была поставлена конкретная цель, к достижению которой предприятия двигаются до сих пор. А цифрами старта развития отрасли на тот момент стали такие показатели: «В целом в 2008 году на нефтеперерабатывающих заводах нашей республики переработано 12 288,7 тысячи тонн нефти». (Из интервью агентству «Казинформ» управляющего директора по переработке и маркетингу нефти, члена правления АО «НК «КазМунайГаз» Данияра Тиесова, 19 августа 2009 года <http://www.zakon.kz/145508-programma-modernizacii-otechestvennykh.html>)

Атыраускому, Шымкентскому и Павлодарскому нефтезаводам предстояли большие перемены на пути реализации государственных планов по индустриальному развитию отрасли...

Анна Гронская

Соңы. Басы 1 бетте

МҰНАЙЛЫ ЕЛ — ШЫРАЙЛЫ ЕЛ

еркін қимыл жасауға мүмкіндіктер жасала бастады. Өндіріс дайын бұйымды үстіне баға қосып сату емес, нақты тауар өндіру болғандықтан оған жұмсалар еңбегіне қарай түсер пайдасы да мол. Ең бастысы, шетелдік өзге өндірушілерге тәуелді емессің. Павлодар мұнайхимия зауытында басты мақсат пен негізгі күш өндірістің өнімділігіне бағытталған. Кәсіпорын тәулік бойы үш ауысымда жұмыс істейді. Зауыт шығаратын авиакеросин, бензин, газ, дизельдік отындар, кокс, битум сияқты өнімдердің өздерінің бірнеше түрі бар екенін ескерсек, жалпы өнімнің саны жиырмадан асып



кетеді екен. Арнайы дайындығы жоқ адам бұл саланың жұмысын бірден түсіне алмасы анық. Зауыт химиялық зертхананың жүз, мың есе үлкейтілген түрін еске салады. Кәсіпорындағы жұмыс арнайы технологиялық тізбекпен жүргізіледі. Аумағы 500 гектарға жуық жерді алып жатқан алып зауыттың алғашқы баспалдағы шикізат қоймасынан басталады. Кәсіпорынға келіп түскен мұнайды негізгі үш цех бірінен соң бірі өңдеуден өткізеді. Бірінші цех мұнайды құрамындағы су мен түрлі тұздардан ажыратып тазартады. Одан кейінгі бөлім тазартылған мұнайдан бензин мен дизель отындарын бөліп тазартады. Олардың да сапасына қарай түрлері жеткілікті. Үшінші цех – мұнай қалдықтары мен мазутты тереңдетіп өңдеумен айналысады. Яғни, мұнайдан барынша өнімнің мол түрін шығару басты мақсат. Бұл жерде мұнай құрамынан құрылысқа немесе жол салуға арналған битумының бірнеше түрі, кокс, отын мазуты сияқты қажетті материалдарды



бөліп шығару жүргізіледі. Мұнай құрамындағы газ, азот, күкірт тағы басқа қосындыларды ажыратып, одан өзге де өнімдерді жасайды. Осы цехтардың қай-қайсы болмасын химиялық реакция арқылы жұмыстарын іске асырады. Бұл жерде білікті технолог мамандардың атқарар рөлі жоғары. Одан әрі әрбір дайын өнім өз қоймаларына жеткізіледі. Тұтынушыларға өнімдерді жіберу жұмысы өз алдына бірнеше қосалқы бөлімдерден тұрады, ол үшін зауыт ауласына арнайы теміржол жүргізіліп, сол арқылы



еліміздің аймақтарына жөнелтіледі. Өнім сапасын тексеретін бірнеше зертханалар тұрақты жұмыс істейді. Ондағы мамандар өндіріс барысындағы өнімді қадағалап, технологияның қатаң сақталуын талап етеді. Бұл жерде өнімнің сапасымен бірге өндірістігі техникалық қауіпсіздік те бір деңгейде тұруға тиісті. Мұнай өңдеу жұмысы өртке қауіпті екені белгілі. Сондықтан кәсіпорында бұл мәселеге ерекше көңіл бөлінеді. Жұмысшылардың денсаулығына зиян тигізбейтіндей жағдайлардың барлығы қарастырылған. Зауыт Қазақстан Республикасы заңдары мен халықаралық стандарттарға сәйкес өндіріс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау ережелерін сақтап, бұл бағыттағы жұмысты, өзіне алған міндеттемелердің орындалу барысын үнемі бақылауда ұстап келеді. Ауаның, судың, сондай-ақ, жер қыртысының үлгілері алынып, зертханада арнайы тексеріледі. Бақылау алдымен зауыт тарапынан, одан кейін қалалық қадағалау құзырлы орындардың жүргізуімен іске асырылып отырады.

Шухрат ДАНБАЙ,
«Павлодар мұнайхимия зауыты»
ЖШС бас директоры:

– Біздің зауыт мұнай өнімдерін тереңдетіп өңдеуден еліміздегі ең ірі кәсіпорындардың бірі. Біздің үлкен ұжымның алдында үлкен мақсаттар тұр десем, қателеспеймін. Соның бірі – елімізге аса қажет болып отырған мұнай өнімдерін жеткілікті мөлшерде және халықаралық стандарттарға сай сапалы өнім шығару болып табылады. Ол үшін өндірісімізді қайта жарақтап, жаңа нысандардың құрылысын биыл бастап кетпекшіміз. Бүкіл сметалық-жобалық құжаттары дайын және қаржылық мәселелер де шешілген. Бұл жоба іске асқанда шикі мұнайды өңдеу жылына 7 млн. тоннаға дейін жететін болады. Ал, оны тереңдетіп өңдеу деңгейі 90 пайызға көтеріледі деп күтілуде. Сонымен бірге алдағы 2016 жылы Евро-5 дәрежесіндегі сапаны толық игеретін боламыз.

ӨНДІРІСТІ ҚАЙТА ЖАҢАРТУ МЕН ЖАҢҒЫРТУ

Экономиканың дамуы мен техниканың жыл сайын тоқтаусыз жаңаруы бүкіл әлемдегідей біздің елімізде де мұнай өнімдеріне деген сұранысты күшейтіп отыр. Сұраныс тек қана сан жағынан ғана емес, сапалық тұрғыдан да талап етілуде. Бұл өмір заңдылығы. Соған байланысты, бұл сұраныстарды қанағаттандыру үшін мұнай өңдеу саласына техникалық мүмкіндіктерді қайта қарап, жаңа технологияларға көшіп отыруға тура келеді. Онсыз қазіргі нарықтық жағдайдағы бәсекелестікке төтеп беру мүмкін емес. Бұл бағытта біздің елімізде бірнеше мемлекеттік бағдарламалар қабылданғаны белгілі. Соның бірі – индустриялды-инновациялық дамудың 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасы дер едік. Осы орайда аталмыш кәсіпорын ұжымы қабылдаған «Павлодар мұнайхимия зауытын жаңғырту» жобасын айта кеткен жөн. Ең бастысы, кейбір жерлердегідей бұл жоба қағаз жүзінде қалып қойған жоқ. Алдын ала жоспарлағандай сатылап, өз кезеңімен уақтылы іске асырылуда. Бұл жоба 2011 жылы Мемлекеттік жобаларды сараптау комиссиясынан қолдау тауып, биылғы жылдан бастап нақты іске асырыла бастады. Бұл үлкен жобаға тәжірибесі мол, әлемге аян шетелдік компаниялар да қатысатын болады. Жобаны іске асыру үшін көптеген жаңа нысандар мен заманауи технологиялық құрылғылар орнатылатын болады. Қаншалықты ауқымды іс болғанмен зауыт жұмысы бұрынғы қарқында жүргізіле бермек. Жаңа жоба іске қосылғанда кәсіпорын жылына 7 миллион тонна мұнай өңдеуге қол жеткізуге тиісті, оны тереңдетіп өңдеу 90 пайызға жетеді. Сол сияқты жанармай халықаралық стандартқа сай Евро-4, Евро-5 сапасымен шығарылып, соңғы экологиялық талаптарға жауап беретін болады. Бұл қазіргі қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға өз септігін тигізеді сөзсіз. Мысалы, біздің елдегі үлкен қалаларды көк түтін құсауына алған автокөлік түтіндері сол сапасыз бензиннен болып отырғаны белгілі. Павлодар мұнайхимия зауыты бұл жоспарды 2016 жылы толығымен іске асырмақшы. Оған барлық материалдық-техникалық мүмкіндіктер мен қаржылық жағдай бар дейді зауыт басшылығы.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қандай экономикалық жетістіктерді алсақ та алдымен адам факторына тікелей тәуелді екені даусыз. Былайша айтқанда, бәрін де жасайтын адам. Сондықтан Павлодар мұнайхимия зауытында





жұмысшылардың әлеуметтік жағдайына ерекше көңіл бөлінеді. Бұл кәсіпорында екі жақты қабылданған ұжымдық келісімшарт пен Еңбек кодексі ережелері қатаң сақталады. Оған қоса зауыт жұмысы үзіліссіз үш ауысымда және зиянды өндіріс болып табылған соң қосымша жеңілдіктер мен әлеуметтік көмектер қарастырылған. Рас, оның біразы Еңбек кодексінде көрсетілмесе де кәсіпорын өз мүмкіндігіне қарай кейбір әлеуметтік мәселелерді шешуіне болады, әрине белгілі бір заң шеңберінде. Айтайық дегеніміз, түнгі ауысым мен мереке, демалыс күндерінде істегендерге қосымша жалақы төлеу, зиянды цехтағы жұмыс күнін қысқарту немесе 24 пайыз қосымша жалақы төлеу сияқты жеңілдіктер мен көтермелеу сыйақылары беріледі. Жұмысшы ауырып қалғанда, жақын туыстары қайтыс болғанда, үйленгенде, балалы болғанда сияқты жағдайларда материалдық көмек көрсетіледі. Тек қана осы мақсатқа кәсіпорын 2012 жылы 674 миллион теңге бөлген екен. Зауытта жұмысшылардың еңбек етуіне барлық жағдай жасалған. Оларды қаладан жұмыс орнына тегін және тез қатынауы үшін арнайы автобустар тәулік бойы жұмыс істейді. Тіпті төтенше жағдайларда elektrik сияқты кейбір мамандар арасы ат шаптырым бір цехтан екінші цехқа шұғыл жетуі үшін арнайы велосипедтер сатып алынған.

Ауқымды әлеуметтік бағдарламаның негізі – адам денсаулығын сақтау болып табылады. Бұл бағытта екіқабатты ғимаратта орналасқан денсаулық сақтау пункті қызмет жасайды. Түрлі заманауи жабдықтар орнатылған бұл мекеме қаладағы кейбір емханалардан кем түспейтіні бірден байқалады. Емханада тәжірибелі, жоғары және бірінші категориялы мамандар қызмет етеді. Мұнда клиникалық зертхана, күндізгі стационар, физиотерапия, функциональды диагностика, стоматология сияқты бөлімдер бар. Жедел жәрдем бөлімі тәулік бойы қызмет көрсетуге дайын. Емхана күніне 200-ге дейін адамды қабылдауға мүмкіндігі бар және 500 жұмысшы ау-



ысым алдындағы арнайы тексеруден өткізіледі. Жылына бір рет әрбір жұмысшы арнайы тексеруден өткізіліп отырады. Осы тексерістің сараптамасы бойынша цехтағы өндірістің зияндылығы анықталып, оны барынша азайтуға шаралар қолданылады. Сол сияқты әрбір еңбеккер мен оның жанұя мүшелері тегін медициналық сақтандыруларға ие. Ауырып қалған жағдайда оларды кәсіпорын есебінен емдеуге жібереді. Оған қоса зауыттың «Нефтехимик» емдеу-сауықтыру профилактории бар. Онда жылына 700-ден аса жұмысшылар мен отбасы мүшелері демалып, емделеді. Жұмысшылардың табиғаты көркем



Баянауыл туристік аймағында жеңілдетілген жол-дамамен демалуына болады. Жазғы демалыс айларында зауыт еңбеккерлерінің балалары түрлі демалыс лагерлеріне жіберіледі.

Алып кәсіпорында көпшілікті тамақтандыру мәселесі орынды шешілген. Зауытта 5 асхана, 4 азық-түлік дүкені тәулік бойы жұмыс жасайды. Асхана мәзірі бай және тағамның бағасы арзандатылған. Жұмысшыларға ыңғайлы болу үшін қолма-қол ақша төлемейді. Арнайы электронды көртішкелері арқылы кейін еңбекақыдан ұстап қалады. Азық-түлік дүкендері де көпшіліктің сұрауы бойынша іске қосылған. Еңбеккерлер жұмыстан шыққан соң дүкен, базар аралап уақыттарын босқа кетірмейді. Керек-жарақтың бәрін өз дүкендерінен арзан бағаға сатып алады.



Әлеуметтік-тұрмыстық лайықты жағдайлар жасаудың ішінде тұрғын үй мәселесі ерекше тұрғаны бәрімізге белгілі. Бұл проблема бүкіл еліміз бойынша шешімін таппай отырғаны да жасырын емес. Тұрғын үй мәселесіне нақты назар аударып отырған, оны шешуге талпынған кәсіпорындар бізде саусақпен санарлық қана. Соның бірі – осы Павлодар мұнайхимия зауыты дер едік. Өткен 2012 жылы зауыт өз есебінен еңбеккерлеріне арнап 146 пәтерлі көп қабатты тұрғын үй салып, пайдалануға берді. Оған 1,9 миллиард теңге инвестиция жұмсалды. Бұл қаладағы ең сәнді, жаңа заман талаптарына толық жауап



беретін тұрғын үй кешені екенін шаһар тұрғындары жақсы біледі. Ондағы бүкіл коммуналдық қызметті зауыт өзі атқарады. Бұл кәсіпорын үшін өте ұтымды жоба болып есептеледі. Біріншіден, жұмысшылар жылдар бойы қаладағы кезекте тұрмайды және банктермен байланысып, қосымша үстеме төлеудің қажеті жоқ. Пәтердің өзіндік құнын ай сайын еңбекақысынан ұстап отырады. Екіншіден, зауыт өзіне аса қажет мамандарды тұрақтандыруға ос арқылы үлкен мүмкіндіктерге ие. Көптеген жас отаулар өздерінің тұрақты мекен-жайын осы үйден табады, кәсіпорынның болашағы жастардың өсіп-өркендеуіне жағдай жасалды бұл деген сөз. Кәсіпорын бұл тәжірибенің тиімді екенін ескере отырып, алдағы 2014-жылы тағы да осындай көпқабатты тұрғын үй құрылысын аяқтап, өз еңбеккерлеріне қоныс тойын сыйламақшы. Шіркін, еліміздегі барлық кәсіпорындар осы бір пайдалы істі өз тәжірибелеріне тұрақты түрде енгізсе ғой.

Николай НЕСТЕРЕНКО, цех бастығының пайдалану жөніндегі орынбасары:

– Біздің цех мұнайды тереңдетіп өңдеумен айналысады. Өзім де осы зауытқа 16 жыл бұрын әрімдей жас кезімде келгендіктен жас жұмысшылардың мәселесі мені үнемі толғандырып жүреді. Бүгінгі ұжымға келген жастарға жақсы жағдайлар жасалған. Зауытта оқыту орталығы бар. Орталықта біздің мамандықтың қыр-сырын компьютерлер арқылы оқып үйренуге болады. Сол сияқты қалада бізге мамандар дайындайтын колледж де бар. Дегенмен тәжірибенің жөні бөлек дер едім. Ол үшін цехта жаңадан келген жас жұмысшыға арнайы тәлімгер бекітіледі. Бір жыл бойы жастар сол тәлімгерлерден үйреніп, мамандықты меңгеріп шығады. Соған байланысты оған кәсіби маман ретінде анықтама беріліп, өз алдына жеке жұмыс жасайтын болады.

КӘСІПОРЫН МЕН ҚАЛА

Алдында айтқанымыздай, мұнайхимия зауыты Павлодар қаласының жылдық бюджетінің 40 пайызын құрайды. Немесе қалақұраушы кәсіпорын деп сеніммен айтуға болады. Бұл жерде қала



мен кәсіпорын арасында жақсы экономикалық, әлеуметтік әріптестік орнатылғанын ерекше атауымыз керек. Зауыт тек қана Павлодар қаласымен ғана емес, облыс көлемінде де осындай игі істерімен, көпшілікке аса қажет байланыстарымен белгілі. Аталмыш ұжым көп жылдардан бері облыстағы «Песчан» жетім балаларға арналған



мектеп-интернатқа тұрақты демеушілік көрсетіп келеді. Тағдырдың тәлкегінде қалған жетімдерді жебеп, оларды қысқы-жазғы киім, спорт құрал-жабдықтары, оқу құралдары сияқты аса қажет заттармен қамтамасыз етуде. Оған қоса қаладағы әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалған жанұяларға үнемі көмек көрсетіліп тұрады. Кәсіпорын бюджетінде ардагерлерге арналған арнайы тарау бар. Соның аясында еңбек ардагерлерінің емделуіне, демалуына және оларды мерейтойларымен құттықтап, мерекелік шаралар ұйымдастыруына жылына 10 миллион теңгеден



астам қаржы бөлінеді. Аталмыш зауыт облыстағы спорттың дамуына да үлкен үлес қосып келеді. Кәсіпорын «Ертіс-ПМХЗ» хоккей және «Ертіс» әйелдер баскетбол командаларының бас демеушісі. 2010 жылы қаладағы бокс залын қайта жарақтап берсе, 2011 жылы жаңа бокс кешенін са-



лып берді. Бұл орталықта жаттығу, спорт залдары мен кафе, 28 орындық қонақүй де бар. Сол сияқты қалада балаларға арнап хоккей корттары мен футбол алаңдарын жасап берген болатын. Өткен жылы кәсіпорын осындай игі істерге 632,55 млн. теңге қомақты қаржы бөлді. Бұл аз ақша емес, қала мен кәсіпорын тіл табысса, әріптестік дұрыс жолға қойылса екі жақ та ұтыста болары сөзсіз.

Зейнолла Абажанов,
«Дала мен қаланың» арнаулы тілшісі,
Павлодар облысы



Дебют рационализаторов

23 сентября первый заместитель генерального директора АО «КазМунайГаз – переработка и маркетинг» Ерболат Кожобаев отметил грамотами активное участие в развитии рационализаторской и инновационной деятельности группы компаний «КМГ-ПМ» двух наших заводчан – Андрея Матюшенко, начальника отдела энергоэффективности и энергосбережения (ОЭиЭ), и Михаила Терехина, механика парка сжиженных газов (ПСГ).

Ежегодно сотрудники группы компаний АО «КазМунайГаз – переработка и маркетинг» подают более 80-ти рационализаторских и инновационных предложений. В их числе работники ПНХЗ – Андрей Матюшенко и Михаил Терехин. В этом году их инновационные решения прошли в финал республиканского конкурса «Рационализатор.kz».

В Казахстане конкурс «Рационализатор.kz» впервые прошел в 2010 году в рамках «Государ-



ственной программы форсированного индустриально-инновационного развития на 2010–2014 гг.». И с тех пор стал ежегодным событием в области поисков и внедрения рационализаторских решений на промышленных предприятиях страны.

Идея проведения конкурса принадлежит Министерству индустрии и новых технологий Республики Казахстан и АО «Национальное агентство по технологическому развитию». Конкурс призван продемонстрировать широкой аудитории реальных героев-рационализаторов и их разработки, а также заострить внимание общественности на важности рационализаторского движения в деле модернизации экономики Казахстана.

В этом году в списках конкурса «Рационализатор.kz» ТОО «ПНХЗ» и его сотрудники появились впервые. Наш дебют оказался весьма успешным – завод победил в номинации «Лучшая система поддержки рационализаторства на предприятии». А рацпредложения двух павлодарских нефтепере-

работчиков были отмечены в номинации «Лучшее рационализаторское решение года».

Большой интерес у экспертной комиссии конкурса вызвали идеи монтажа узла корректировки показателя pH конденсата пара, откачиваемого на ТЭЦ-3, начальника ОЭиЭ Андрея Матюшенко и реконструкции шарового крана наливных стояков трубопроводов эстакады 79/4 участка ПСГ путем модернизации уплотнения штока механика парка сжиженных газов Михаила Терехина.

Внедренное на ПНХЗ рацпредложение Андрея Матюшенко выдало значительные результаты сразу на нескольких фронтах. Экономический эффект составил более 10 млн тенге, в экологическом плане удалось свести к минимуму вредное воздействие на окружающую среду при сбросе некачественного конденсата в канализацию и, как следствие, избежать штрафных санкций от невозврата конденсата на ТЭЦ-3. Кроме того, с введением новых предложений исчезла потребность в ежегодной замене запасных частей оборудования.

Благодаря инновационным разработкам Михаила Терехина на производстве удалось повысить технический уровень процесса управления шаровым краном стояков трубопровода, обеспечить герметичность уплотнения штока при высоких давлениях и в общем повысить надежность и безопасность технологического процесса.

К сожалению, даже несмотря на высокую оценку комиссии, оказаться в тройке лидеров нашим заводчанам не удалось.

Обошли наших рационализаторов сотрудники ТОО «Казфосфат», в номинации «Лучшее рационализаторское решение года» они завоевали первое место. Второе место досталось представителю АО «Медицинский университет Астана» Булату Сулейменову. На третьем месте – сотрудник филиала АО «НК «Қазақстан темір жолы» «Костанайское эксплуатационное вагонное депо» Александр Федоренков.

Но, тем не менее, проекты Андрея Матюшенко и Михаила Терехина все же вышли в финал, и это дает надежду на получение призового места в номинации «Лучшее рационализаторское решение года» в дальнейшем.

Марина Шилко



Новые задачи – новый формат встреч

15 августа 2013 года в конференц-зале АО «КазМунайГаз – переработка и маркетинг» состоялось совещание генерального директора «КМГ – ПМ» Данияра Тиесова с представителями дочерних предприятий компании, ответственных за работу со средствами массовой информации. В таком формате встреча проходила впервые.



В совещании приняли участие все представители пресс-служб дочерних предприятий «КМГ – ПМ»: руководитель службы внешних связей и информации ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод» Елена Есенова, менеджер по администрации и PR Шымкентского нефтезавода (ТОО «PetroKazakhstan Oil Products») Еркин Жумадилов, редактор газеты «Нефтепереработчик» ТОО «ПНХЗ» Анна Гронская и координатор по продвижению и рекламе АО «ҚазМунайГаз Өнімдері» Юлия Адильханова. Организатором встречи выступила сотрудник пресс-службы АО «КМГ-ПМ» Бибигуль Мырзахметова.

Открыл встречу Данияр Тиесов, поставив перед руководителями пресс-служб группы компаний новые задачи по формированию между ними взаимодействия на регулярной основе и постоянному обмену информацией, по координации их деятельности. Также генеральный директор КМГ-ПМ подчеркнул важность создания и внедрения в группе компаний единой коммуникационной политики и усилению работы по освещению в региональных и республиканских СМИ спонсорских и социальных проектов, проводимых головной и дочерними организациями. Руководитель КМГ-ПМ отметил: «На пресс-службы Общества возлагается большая ответственность за создание и поддержание достойной репутации компании и работа над повышением корпоративного духа, социального имиджа внутри Общества в целом. Такие встречи будут проводиться на постоянной основе».

Анна Гронская

КРЕДИТЫ
для частных лиц
**ВСЮ ОСЕНЬ
СНИЖЕНЫ СТАВКИ!**

Залоговые кредиты от 11% годовых (ГЭСВ от 12,5%)
Беззалоговые кредиты от 14% годовых (ГЭСВ от 18,1%)

АКЦИЯ!

А
Альфа-Банк
www.alfabank.kz

Лицензия на проведение банковских и иных операций № 236, выдана АФН РК от 21.12.2007 года.

АЛЬФА-НАЛИЧНЫЕ Кредит без залога

Срок кредитования	от 3 до 36 месяцев
Ставка вознаграждения	от 14%
Максимальная сумма займа	до 6 000 000 тенге*
ГЭСВ	от 18,1%

Пример расчета*: Кредит без залога в тенге, Срок - 36 мес, Ставка - 14%

Ежемесячный доход	Кредит	Ежемесячный платеж (аннуитет)
70 000	500 000	17 089
100 000	1 300 000	44 431
150 000	2 000 000	68 355

АЛЬФА-НЕДВИЖИМОСТЬ Кредит под залог недвижимости

Валюта предоставления займа	тенге, доллары США, евро
Срок кредитования	от 6 до 120 месяцев
Ставка вознаграждения	от 11% в долларах США, евро от 12,5% в тенге
Максимальная сумма займа	до 150 000 000 тенге (эквивалент в другой валюте)
Обеспечение по займу	приобретаемая и имеющаяся жилая и/или коммерческая недвижимость, расположенная в регионе присутствия Банка
ГЭСВ	от 12,5%

Пример расчета*: Кредит под залог, Срок - 120 мес, Ставка - 12,5%

Ежемесячный доход	Кредит	Ежемесячный платеж (аннуитет)
70 000	2 000 000	29 275
180 000	6 000 000	87 826
250 000	10 000 000	146 376

* Для более детального расчета обращайтесь в отделения Банка.

Региональная сеть:
г. Алматы, ул. Масанчи, 57-а +7 (727) 244-75-75
г. Астана, пр. Абая, 39/1 +7 (7172) 32-10-08, 32-30-45
отд. «Есиль», пр. Кабанбай Батыра, д. 13/2, ВР-1 +7 (7172) 75-56-05
г. Актау, 26-й мкр., БЦ «Нурбек» +7 (7292) 41-55-38, 41-44-01
г. Атырау, пр. Азаттык, д. 48, БЦ «Премьер-Атырау» +7 (7122) 25-10-39, 25-10-37
г. Усть-Каменогорск, ул. М. Горького, 50 +7 (7232) 26-15-07, 26-89-33
г. Караганда, пр. Б. Жырау, 72/3 +7 (7121) 47-82-22, 47-93-95
г. Павлодар, площадь Победы, 5-б +7 (7182) 39-36-01, 39-36-03
г. Уральск, ул. Т. Масина, 67, ТД «Мебель Град» +7 (7112) 50-95-99, 50-87-61
г. Петропавловск, ул. Чкалова, 48 +7 (7152) 52-03-73

А Альфа-Банк www.alfabank.kz

Бесплатная линия по Казахстану: **8 8000 8000 75** | Call center: **+7 (727) 244 75 75**

Выражаем огромную благодарность всем, кто помог в беде нашей семье. Благодаря своевременному участию ОО «Профсоюзный комитет «Нефтепереработчик», материальной помощи и моральной поддержке заводчан, администрации предприятия, сотрудников ТОО «Казпромбезопасность» и «Eurasia Munaі Іmpex» нам удалось сделать ребенку две сложные операции в г. Москве и спасти нашего малыша. Большое спасибо всем, кто нам помогал, за неравнодушие и отзывчивость!

Семья Шариповых